

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «САҒАДАТ
НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ
№72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»**

шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

государственное коммунальное предприятие
на праве хозяйственного ведения

**«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №72 ИМЕНИ
САГАДАТА НУРМАҒАМБЕТОВА»
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ

ХАТТАМАСЫ

№ 1

ПРОТОКОЛ

Шымкент қаласы

11.10.2024ж.

Қатысқандар:

- 1) Усманов Б.Н. - кеңес төрағасы, мектеп директоры;
- 2) Құрманбай Г.Т. - кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 3) Исманова Р.Э. - кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 4) Утебаев Т.Б. - кеңес мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- 5) Бекбосынова К.Д. – кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 6) Қуандық Н.Т. - кеңес мүшесі, педагог - психолог;
- 7) Сеймурат Ж.Л. - кеңес мүшесі, әлеуметтік педагог;
- 8) Асилбекова З.Б. - кеңес мүшесі, әлеуметтік педагог;
- 9) Серікбаев Ж.Ж. - мектеп инспекторы;
- 10) Тасходжаева Г.Р. – хатшы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1.Профилактикалық кеңестің мақсат міндеттерін таныстыру, жаңа құрамымен таныстыру, міндеттерді бөліп беру

/Мектеп директоры Б.Н.Усманов/

2.Профилактикалық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру;

/ДТІЖО Г.Т.Құрманбай /

3.1-11 сынып оқушыларынан алынған сауалнама қорытындысынан кейінгі «Тәуекел тобындағы» оқушылар туралы

/Педагог-психолог К.Д.Бекбосынова Н.Т.Қуандық/

4.Мектептің 1-11 сынып оқушыларының әлеуметтік жағдайы, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балалар туралы электрондық базаны толықтыру және оларға көрсетілген көмек туралы

/Әлеуметтік педагог Ж.Л.Сеймурат/

Т Ы Ң Д А Л Д Ы:

Профилактикалық кеңесінің төрағасы, мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы алдымен күн тәртібіндегі мәселелерді және кеңес мүшелерін таныстырып өтті.

- Құрметті кеңес мүшелері, әріптестер!

Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алу жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығына өзгеріс енгізіліп, № 398 (28.12.2023) бұйрығы негізінде жүзеге асырылатынын атап айтқанды жөн көрдім.

Жасөспірімдердің құқықтық тәртіп бұзушылығының алдын алу мәселесі қазіргі таңда тәрбие саласындағы маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Себебі, соңғы жылдары мектеп оқушылар арасында құқықтық тәртіпті бұзушылардың саны көбейе түсуде. Соған байланысты жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейтуіміз қажет. Осы мақсатта құқықтың кеңес құрамы жасақталды. Әрқайсымыз өз міндеттерімізге сәйкес оқушылар арасында құқық

бұзушылықтың алдын алуға байланысты жұмыстарға белсене атсалысуымыз қажет. Сонымен бірге кеңес төрағасы Бегмат Нұралыұлы кеңес мақсаты мен міндеттеріне тоқталып, таныстырып өтті.

Кеңес мақсаты: «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы кәмелетке толмағандардың заңға мойынсынушылық мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту. Алдын алу кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

Кеңесі қызметінің міндеттері:

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық проблемаларының жай-күйіне мониторинг жасау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйені құру және жұмысты ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуына, олардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы қызметке тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы** сөз алып, **Профилактикалық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен** таныстырып өтті. Сонымен бірге, жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша жұмыстарды және «Тәуекел тобындағы» оқушыларға, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға деректер банкін қалыптастыру және түзету, сынып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына енгізу қажеттігін жауапты мамандарға (*педагог-психолог, әлеуметтік педагог*) ескертті. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарды жүзеге асыра отырып, мектептің ішкі тәртіп ережесін жиі бұзатын оқушылармен профилактикалық жұмыс және себепсіз сабақ қалатын, сабаққа үнемі кешігетін, сабақтан қашып кететін және мектеп формасын сақтамайтын оқушылармен жұмысты күшейтуді ерекше атап өтті. Гүлбақыт Тайжанқызы алдағы уақытта оқушылармен және ата-аналармен атқарылатын жұмыстарға да тоқталып өтті. Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен, үйірмелермен қамтылып отырғандығын айтып өтті.

ЖАРЫС СӨЗГЕ:

Серікбаев Ж.Ж. - мектеп инспекторы:

- Құрметті кеңес мүшелері! Мектепте құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты тәрбие бөлімімен бірлескен жоспармен жұмыс жүргіземіз. Шымкент қаласының мектеп жасындағы балалар арасындағы құқық бұзушылығы статистикаға сүйенсек едәуір көбейіп келеді. Құқықтық сауатсыздық, яғни өз құқы мен міндетін білмей, басқаның құқын сыйламаудың кесірінен көптеген келеңсіз жағдайларға кезігіп отырамыз. Кәмелет жасына толмаған қылмыскерлердің жасаған қылмыстары арасында тонау, қарақшылық, қасақана өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, зорлау секілді қылмыстар кең тарағанын, ұрлық және бұзақылық қылмыстарының 75-80% кәмелетке толмағандардың үлесінде екенін айта келе, осылайша тиісті мекемелер қажетті шараларды іске асырса, қылмыстық оқиғалардың алдын алуға болатынын ескертті. Жасөспірімдер арасында жалпы қауіпсіздік шараларын сақтау, қылмыстың алдын алу үшін құзырлы орган қызметкерлерімен «Түнгі қала» атты рейд шараларын жүргізіліп жатқандығын айтты. Беймезгілде ата-ана бақылауынсыз көшеде жүрмеу қажеттілігі жайлы ақпарат берді. Сонымен бірге мектеп инспекторы Жандос Жасұзақұлы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы «**442-бап**: Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы», «**434-бап** Ұсақ бұзақылыққа» және «**435-бап** Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық туралы» заңдылықтарға толығынан тоқталып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп өтті.

Үшінші мәселе бойынша- педагог психолог Бекбосынова Кулия Дәулетқұлқызы **1-11 сынып оқушыларынан алынған сауалнама қорытындысынан кейінгі «Тәуекел тобындағы» оқушылар туралы мәселеге** тоқталды.

- Баланың психикалық дамуы және психологиялық портретін құру немесе бүтіндей жас топтарымен танысу кезіндегі басқа да аспектілерді көрсетеді. Ол еркін түрде жазылады және әкімшіліктен бұрыштама қоюды талап етпейді. Сипаттама баланың жеке даму ерекшеліктері туралы, яғни оның танымдық және тұлғалық-эмоционалдық саласы, психофизиологиялық қыр-сырлары, коммуникативтік тілектері, балада бар жалпы және арнайы қабілеттері және т.б. көрсетіледі. Мектеп психологі жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. 1-11 сынып аралығында Тәуекел тобындағы оқушыларды анықтау үшін сауалнама алынып, қауіпті оқушылар тізімін жасап қойғандығын айтып өтті.

Мектептің 1-11 сынып оқушыларының әлеуметтік жағдайы, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балалар туралы электрондық базаны толықтыру жұмыстарының жүріп жатқандығына және оларға көрсетілген көмек туралы мәселені әлеуметтік педагог Сеймурат Жарқынай Лесбекқызы айтып өтті:

- «Шымкент қаласының білім басқармасының 2024 жылғы 20 мамырдағы «2024 жылдың жазғы демалыс кезеңінде балалардың демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» №225 бұйрығында көрсетілген №1,2 қосымшаға сәйкес бекітіліп, қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде оқитын 123 оқушының демалысын, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қала сыртындағы «Бәйшешек» лагеріне жазғы каникул демалысын өткізу ұйымдастырылды. Балалар түрлі іс-шараларға қатысып жүлделі орындармен оралды.

Шымкент қаласы білім басқармасының 2024 жылғы 16 шілдедегі №10-07-07/4547 шығыс хаты негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына өзгеріс енгізілуіне байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 08 тамыздағы №544 қаулысына сәйкес, жыл сайынғы дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру бойынша тұрмыс жағдайы төмен 921 оқушыға 3-кезең бойынша бір реттік қаржылай көмек қарастырылды.

«Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған отбасынан шыққан бастауыш сынып оқитын 4 оқушыға Қалалық түрік этномәдени орталығы төрағасының кеңесшісі **Алиев Садияр Пилошұлының** ұйымдастырумен сөмке мен мектепке қажетті құрал-жабдықтар табысталды. Шымкент қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының түрік этномәдени орталығының мүшелері: Қалалық түрік этномәдени орталығының спорт саласы бойынша орынбасары Каманов Тұрғынбай. Қайтпас мөлтек ауданы түрік этномәдени орталығының орынбасары Курбанов Оразалы Курбаналиевич және Қайтпас мөлтек ауданы түрік этномәдени орталығының мүшесі Оспанов Мейрамбек. Сонымен бірге, "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында әлеуметтік педагогтің жылдық жоспарына сәйкес, 10 қыркүйек «Игі істер» акциясы барысында, демеушілер тарапынан мүмкіндігінше игі істер жасауға ерікті информатика пәні мұғалімінің қатысуымен, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың үйіне барып, мұқтаж жандарға азық-түлік таратылып, барынша ықыласпен сый құрмет жасап қайттық. 10-20 қыркүйек аралығында, үйде оқитын, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың үйіне барып, тұрмыс жағдайын зерделеп, ата-аналарымен логопед, дефектолог, психолог мамандары сұхбат жүргізіп, оқу жылына қажетті құрал жабдықтарын қамтамасыз ету мақсатында кеңсе тауарлары табысталғандығын айтып өтті.

Қ А У Л Ы:

1. Профилактикалық кеңестің мақсат міндеттері таныстырылып, кеңес мүшелерінің міндеттері толықтай бөлініп берілсін.
2. Профилактикалық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
3. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүзеге асырылсын.

4. Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға, есепте тұрған балаларға деректер банкін қалыптастыру және түзету, сынып оқушыларының деректерін мектептің әлеуметтік паспортына түзету жұмысы толық іске асырылсын.

5. Балалар мен жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу үшін жасөспірімдердің бос уақыты тиімді ұйымдастырылсын, әрбір ата-ана, сынып жетекші жауапкершілігі арттырылсын.

Кеңес төрағасы:

Б.Н.Усманов

ДТІЖО:

Г.Т.Құрманбай

Хатшы:

Г.Р.Тасходжаева